



Кеңес Одағының Коммунистік партиясы

Орындаған: Жетербай Н.
И
Тобы: ОПИ-15-1

Кіріспе



Кеңес Одағының Коммунистік партиясы - ХІХ ғасырдың соңында құрылды. Түпнұсқа атауы - Ресей социал-демократиялық партиясы Еңбек (1898), Ресей социал-демократиялық партиясы Еңбек (большевиктер) (1917), Ресей Коммунистік партиясының (большевиктер) (1918), Бүкілодақтық Коммунистік партиясы (большевиктер) (1925). КОКП (1952 жылдан бастап атауы) ХХ ғасырдың көптеген жылдар бойы Ресейде тек қана заңды саяси партия болды. Ресей Федерациясының қолданыстағы Коммунистік партиясы өзі коммунистік партиясының саяси мұрагері деп санайды. Партияның ішінде билік концентрациясы үкімет осындай процесіне сәйкес. партия мен мемлекеттің істерін басқару үшін бірдей салт-дәстүрі мен міндеттеріне ұқсас адамдар. сол тұрақты дағдарыс және мән-жайлар бірдей тұрақты қысым және 1917 аралығында партиялық және кеңестік мекемелер ауыр тиді. 1921 бойынша. Мемлекеттік аппараттың сол жылдары негізгі жақсартулар - Кеңестердің Бүкілресейлік съезі мен Орталық Атқару комитетінің, жергілікті Кеңестердің және олардың органдарымен Кеңестердің Съездердің есебінен орталығында билік концентрациясы арқылы КҚК қолында орталық билік шоғырлануы - бұл барлық, шын мәнінде, партия ұйымының тиісті дамыту алдында. Біраз уақыт үшін, партия және мемлекет желісі параллель болатын. Содан кейін, сөзсіз, олар шелер, сайып келгенде, біріктіруге бастады.

Коммунистік партиясы бірге пролетариат және кедей шаруалар тек алғашқы легі әкеледі ұйым болып табылады -. Осы сынып бөлігі, саналы коммунистік бағдарламасын жүзеге асыруға ұмтылды, Кәсіподақтар, өндірістік кооперативтер, ауылдық коммунасының және т.б., оның бағдарламасы мен қазіргі заманғы мемлекеттік ұйымдарда, оның толық үстемдік:

Коммунистік партиясы өзін шешуші әсер жеңіске деген тапсырманы және барлық қызметкерлер ұйымдарының толық нұсқаулықты орнату кеңестер қандай болып табылады.

Бұл мақсаттар екі түрлі және ерекше тәсілдермен жүргізілді. VIII съезінің құрылған қуылды көп ұзамай бюросының - - КПСС Орталық комитеті жоғарғы мемлекеттік саясат және бүкіл кешенді басқару құрылымындағы өтініштерін бойынша қорытынды органның барлық мәселелер бойынша Жоғарғы судья болып табылады.

Партияның теориялық негізі – маркстіл-лениншіл ілім болып саналды, түпкі мақсаты – коммунизм құру болып белгіленді, әр тарихи кезеңдегі міндеттерді айқындайтын бағдарламалары болды, ұйымдық құрылымы жарғысында көрініс тапты. Жоғ. органы – партия съездері болды, съездерде Орталық комитеті (ОК – ЦК) Орталық тексеру комиссиясы (ОТК – ЦРК) сайланған. КОКП ОК-ті өз пленумдары аралығында партия жұмысына басшылық жасау үшін КОКП ОК-інің Саяси бюросын (1919 жылдан бастап, ал 1952 – 66 ж. ол КОКП ОК-нің Төралқасы болып аталды), кадрларды іріктеп, жұмыстардың атқарылуын тексеретін хатшылықты, ОК-тің Бас (бірінші) хатшысын сайлап отырды. Партияның негізі – бастауыш ұйымдар болды, олар зауыт, фабрика, ұжымшар, кеңшар, т.б. кемі үш партия мүшесі бар кәсіпорындарда, мекемелерде, оқу орындарында, армияда ұйымдастырылды. КОКП басшылығымен Бүкілодақтық лениншіл коммунистік жастар одағы жұмыс істеді (қ. Комсомол). 1880 – 90 жылы Ресейде өнеркәсіп жедел дамып, жұмысшылардың белсенділігі күшейді. Жұмысшы қозғалысына басшылық ету үшін 1883 жылы Женевада тұңғыш орыс маркстілдері ұйымы “Еңбекті азат ету” тобы [негізін Г.В. Плеханов (1856 – 1918) қалаған] құрылды (қ. Маркс К.). Осы ұйымның ықпалымен Ресейдің өз ішінде де көптеген маркстіл үйірмелер пайда болды. 1898 ж. 50-ден астам қалаларда маркстіл үйірмелер мен ұйымдар жұмыс істеді.

Олар 1898 ж. 1 – 3 (13 – 15) наурызда Минскіде Санкт-Петербургтік “Күрес одағы” ұйымының (жетекшілері В.И. Ленин, Л.Марков, т.б.) ұйымдастыруымен өз съезін өткізді. Съезд бүкілресейлік біріккен маркстіл жұмысшы партиясының құрылғанын жариялап, оны “Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы” (РСДЖП) деп атау туралы шешім қабылдады. Съезден кейін Ресейдегі бұрынғы маркстіл ұйымдар РСДЖП комитеттері болып атала бастады. Бірақ партия іс жүзінде әлі құрылған жоқ болатын. Оның жарғысы, бағдарламасы, күрес тактикасы болмады, партия бір орталықтан басқарылмады. Осы мәселелер РСДЖП-нің 2-съезінде [1903, 17 (30) шілде – 10 (23) тамыз) Брюссель – Лондон] қатты талқыланды. Онда Ленинді жақтаушылар большевиктер, Марковты (1873 – 1923) жақтаушылар меньшевиктер болып аталды. 1905 – 07 ж. Ресейде бірінші орыс революциясы болып өтті. Осыған байланысты РСД (б)ЖП-нің 3-съезінде [1905, 12 (25) сәуір – 27 сәуір (10 мамыр)] партияның күрес тактикасы белгіленді. Ресейде 50-ден астам большевиктік ұйымдар құрылып, ірі-ірі қалаларда Жұмысшы депутаттары кеңесі пайда болды. Большевиктер 1905 ж. Мәскеуде, т.б. ірі қалаларда өткен желтоқсан қарулы көтерілісіне қатынасты. Партияның 4-съезі [1906, 10 (23) – 25 сәуір (8 мамыр) Стокгольм] мен 5-съезі [1907, 30 сәуір (13 маусым) – 13 мамыр (1 маусым), Лондон] бірігу съездері болды. Онда большевиктер мен меньшевиктер уақытша бірікті. 1-дүниежүзілік соғыс жылдарында (1914 – 18) Батыс Еуропа жұмысшы партияларының көпшілігі өз үкіметтерін қолдап шықты.

Маркстіл партиялардың халықар. қауымдастығы – II-Интернационал тарап кетті. 1917 жылы Ресейде Ақпан революциясы болып, елде қосарланған билік жүйесі (Уақытша үкімет пен Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің билігі – “қос өкімет”) орнады. Ленин, т.б. партия көсемдері эмиграциядан, айдаудан қайтып, саяси өмірге араласты. РСД(б)ЖП-ның 6-съезі [1917, 26 шілде (8 тамыз) – 3(16) тамыз, Санкт-Петербург] Ленин нұсқауларын басшылыққа ала отырып, өкімет билігін қарулы көтеріліс арқылы тартып алу туралы шешім қабылдады. Көтеріліс 1917 ж. 25 қазанда (8 қараша) ел астанасы Санкт-Петербуркте (қ. Кеңес өкіметі), 2 (15) қарашада Мәскеуде жеңіп шықты. Енді РСД(б)ЖП оппозициядағы партиядан жетекші партияға айналды (қ. Қазан төңкерісі). РСД(б)ЖП-ның 7-съезінде (1918, 6 – 8 наурыз, Санкт-Петербург) партияның атауы өзгеріп, Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясы [РК(б)П] болып аталды. Коммунистік партия жұмысшылар мен шаруаларды Кеңестік республиканы қорғауға шақырды. РК(б)П-ның 8-съезі (1919, 18 – 23 наурыз, Мәскеу) мен 9-съезінде (1920, 29 наурыз – 5 сәуір) Қызыл Армияны нығайту, контрреволюция мен шетелдік басқыншыларды талқандау негізгі мақсат етіп қойылды.

Азамат соғысында жеңіске жеткеннен кейін бір ғана саяси партия – РК(б)П билігіндегі Кеңес өкіметінің алдында тұрған негізгі міндет ашаршылықпен күрес, экономиканы қалпына келтіру мәселелері болды. Сондықтан партияның 10-съезі (1921, 8 – 16 наурыз) “соғыс коммунизмі” саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшу жөнінде шешім қабылдады. Съезде ұлт мәселесі, кәсіподақтар жөнінде қызу пікірталастар жүріп, лениндік тұжырымдама қабылданды. Жікшілдікке жол бермеу үшін “Партияның бірлігі туралы” қарар да қабылданды. 11-съезде (1922, 27 наурыз – 2 сәуір) жаңа экон. саясаттың бір жылдық қорытындысы шығарылды. Елдің одан әрі саяси, экон., мәдени дамуы үшін кеңестік республикалардың ерікті одағын құру қажеттілігі айтылды. “Автономияландыру”, яғни барлық кеңестік республикалардың Ресей құрамындағы автон. аймақтар болуы қажеттігі идеясы қатты сынға ұшырады. Съезден кейін өткен РК(б)П ОК-і пленумында ОК Бас хатшысы болып И.В. Сталин сайланды. Осы жылдың қазан – желтоқсан айларында өткен Украина, Белоруссия, Әзірбайжан, Армения, Грузия компартияларының пленумдары КСРО-ға бірігуді мақұлдады (қ. Кеңес Одағы). РК(б)П-ның 12-съезі (1923, 17 – 25 сәуір) өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендету, партияның және кеңестердің басқару жүйелерін жетілдіру мәселелерін қарады. Осы жылы партия ішінде қызу күрес басталды.

Сондықтан фракциялар мен топтар еркіндігін талап еткен ОК пленумы троцкийшіл, “децистер”, “солшыл коммунистер”, “жұмысшы оппозициясы”, т. б. топтарды марксшіл-лениншіл идеялардан шегіну, ұсақ буржуазиялық адасу деп мәлімдеді. 1924 ж. 21 қаңтарда партия көсемі Ленин қайтыс болды. РК(б)П ОК-і жедел пленум өткізіп, партияға лениндік шақыру жариялады. Жедел түрде 240 мыңнан аса жұмысшылар мен шаруалар партия қатарына алынды. Ленин ауырып жатқан кезде және ол қайтыс болғаннан кейін партияның ОК-і мүшелері арасында билікке таласушылар арасында қызу пікірталастар жүріп жатты. Ол пікірталастар 14-съезде (1925, 18 – 31 желтоқсан) айқын байқалды. Онда Сталин тобы жеңіске жетіп, Л.Троцкий тобы мен “жаңа оппозиция” (Каменев – Зиновьев) тобы талқандалды. Съезде партияның жаңа жарғысы қабылданып, РК(б)П – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы [БК(б)П] болып аталды. БК(б)П-ның 15-съезінде (1927, 2 – 19 желтоқсан) ел экономикасын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын жасау жөнінде нұсқау қабылданды. 1929 – 32 жылдарға арналған бірінші бесжылдық жоспар БК(б)П-ның 16-конференциясында (23 – 29 сәуір, 1929) бекітілді. Съезде Троцкий – Зиновьев тобы лениншіл бағыттан қол үзді деп есептелініп, ол топтың көптеген мүшелері партиядан шығарылды (қ. Бесжылдықтар).

БК(б)П-ның 16-съезі (1930, 26 маусым – 13 шілде) Кеңес Одағының көптеген аймақтарында болып жатқан жаппай ашаршылықтарға қарамастан өнеркәсіп пен а. ш-нда үлкен жетістіктерге қол жеткіздік деп атап көрсетті. 17-съезде (1934, 26 қаңтар – 10 ақпан) бірінші бесжылдықтың қорытындысы шығарылып, екінші бесжылдық жоспары бекітілді. Осы съезде Сталин Бас хатшылыққа сайланарда көпшілік дауыс ала алмай, делегаттар партияның Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) губерниялық және қалалық комитетінің, БК(б)П-ның Солт.-Бат. бюросының 1-хатшысы, ОК Саяси бюросының мүшесі С.М. Кировты (1886 – 1934) жақтап дауыс берді. Бірақ дауыстарды санаушы комиссия сайлауды Сталиннің пайдасына бұрып жіберді. Көп ұзамай Киров белгісіз жағдайда кісі қолынан қазаға ұшырады (1934). Осыдан кейін Кеңес Одағында жаппай саяси қуғын-сүргін өршіп, артынша Ұлы Отан соғысы (1941 – 45) басталды да, партия съезі шақырылмай қалды. Қазақстанда 1921 жылы маусымда болған партия конференциясы жергілікті большевиктік ұйымдарды РК(б)П құрамында болатын біртұтас Қазақ облысы партия ұйымына біріктірді, партияның облыс комитетін сайлады. 1925 жылы 19 ақпанда БК(б)П ОК шешімімен облыстық ұйым – өлкелік ұйым, обком – өлкелік комитет болып қайта құрылды.

1937 жылы сәуірде өлкелік ұйым Қазақстан К(б)П-на, өлкеком – Қазақстан К(б)П Орталық Комитетіне айналдырылды (қ. Қазақстан Коммунистік партиясы). Елде Сталиннің тоталитарлық режимі орнықты. Соғыс жылдарында партия қатары нығайтылып, 5319297 адам кандидаттыққа, 3615451 адам мүшелікке өтті. 1952 ж. 4 – 19 қазанда өткен 19-съезде партияның атауы Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы (КОКП) болып өзгертілді. 1953 ж. 5 наурызда Сталин қайтыс болды. КОКП-ның 20-съезінде (1959, 14 – 25 ақпан) Сталиннің жеке басына табыну дәстүрі жан-жақты талқыланып, қатал айыпталды. Бірақ елде демократияның дамытылуы шектеліп, партияның кезектен тыс шақырылған 21-съезі (1959, 22 қаңтар – 5 ақпан) елде социализм толық және түпкілікті орнады деген қорытынды шығарды. Кеңес халқы жаңа коммунистік қоғамға аяқ басты деп есептелінді. КОКП-ның 22-съезінде (1961, 17 – 31 қазан) елде кемелденген социализм орнады деген қорытынды жасалды, партияның үшінші бағдарламасы қабылданды. Онда елде коммунизм орнату үшін үш негізгі міндетті (коммунизмнің материалдық базасын жасау; жаңа адамды тәрбиелеу; коммунистік қоғамдық қатынастарды жетілдіру) шешу мәселесі күн тәртібіне қойылды.




1952 жылдың қазан айында партияның XIX съезді болып өтті. Ол Бүкілодақтық Коммунистік Партияның атын **Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы** деп өзгертті. Съезден кейін күтпеген жағдайлар ашылды. Сталиннің ұсынысы бойынша санаулы адамдардан тұратын, шағын **Президиум Бюросы** құрылуға тиісті болатын. Бірақ бұл ұйымда Сталинге жақын Молотов пен Микоянның жоқ екені анықталды. Сталиннің қалауы бойынша Жарғыдан тыс бес адамнан құралған (Сталин, Маленков, Берия, Булганин, Хрущев) Бюро ұйымдастырмақшы болды.

1953 жылы наурызда Сталин қайтыс болды.


Ашық сабақтар



Партияны Н.С. Хрущев басқарған кезде (1953 – 64) елде саяси әулекілік етек алды, шаруашылықты өркендетуде көптеген кемшіліктер жіберілді, партияның облысы ұйымдары салалық партия ұйымдарына ажыратылды. Сондықтан 1964 ж. өткен қазан пленумында Хрущев орнынан алынып, орнына Л.И. Брежнев сайланды. КОКП-ның 23 – 27-съездері әр 5 жыл сайын өткізіліп тұрды. Оларда, негізінен, өткен бесжылдықтар қорытындылары шығарылып, жаңа бесжылдық жоспарлары бекітіліп отырды. Елде 20 ғ-дың 50-жылдарының орта тұсында орнаған кейбір демокр. өзгерістер шектеліп, партия өз ішінде тоқырауға ұшырай бастады. КСРО-да көппартиялықтың болмауы, КОКП-ның жеке билігі елде тоталитарлық жүйе қалыптастырды. Ел экономикасы тоқырауға ұшырап, кері кете бастады. Партия аппараты мен үкіметте реформа жүргізуге тырысушылар ревизионистер ретінде қудалауға ұшырады. Брежнев қайтыс болып, партия басшылығына 1982 ж. қарашада Ю.М. Андропов (1914 – 1984), 1984 ж. наурызда ол қайтыс болған соң К.У. Черненко (1911 – 1985), ол да 1985 жылы наурызда қайтыс болғаннан кейін М. С. Горбачев сайланды (қ. Горбачев М.С.). 1985 жылы сәуір пленумынан басталған елдегі өзгерістер КОКП мүшелеріне де қатты әсер етті. Көптеген КОКП мүшелері партия ішінде реформалар жүргізуді талап етті.



1953 жылы қыркүйекте Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Н. С. Хрущев сайланды. Баспасөз беттерінде жеке басқа табынудың зияндылығы жөніндегі мақалалар жариялана бастады.



Халық арасында компартияның жетекшілік рөліне қарсы қозғалыстар күшейіп кетті. Одақтас республикалардың компартиялары 1989 жылдан бастап, КОКП-дан бөлініп шығуды қолға алды. Осыған байланысты партия басшылығындағы кертартпа күштер 1991 ж. Мәскеуде тамыз бүлігін ұйымдастырды. Бүлік басылғаннан кейін көп ұзамай Ресей Президенті Б. Ельцин өзінің жарлығымен КОКП-ға тыйым салды. КОКП биліктен кеткеннен кейін көп ұзамай 1991 ж. 8 желтоқсанда Кеңес Одағы тарап кетті. Қазіргі кезде Ресейде бірнеше партия өздерін КОКП-ның мұрагерлеріміз деп есептейді.

Назарларыңызға
рахмет !!!